

Қазығұрт ауданы әкімдігінің кейбір нормативтік құқықтық қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 16 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің кейбір нормативтік құқықтық қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары

С.Тұрсынқұловқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Т.Т.Телғараев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 29 сәуірдегі
№ 16 қаулысына қосымша

Қазығұрт ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық қаулыларының тізбесі

1. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 398 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2109 болып тіркелген, "Қазығұрт тынысы" газетінде 2012 жылы 12 қазанда жарияланған);

2. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 498 "Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 398 "Қазығұрт ауданында жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2921 болып тіркелген, "Қазығұрт тынысы" газетінде 2014 жылы 26 желтоқсанда жарияланған);

3. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 399 "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2110 болып тіркелген, "Қазығұрт тынысы" газетінде 2012 жылы 12 қазанда жарияланған);

4. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 499 "Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 399 "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2922 болып тіркелген, "Қазығұрт тынысы" газетінде 2014 жылы 26 желтоқсанда жарияланған);

5. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 396 "2016 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3521 болып тіркелген, "Қазығұрт тынысы" газетінде 2016 жылы 22 қаңтарда жарияланған);

6. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 2 "2016 жылға халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3562 болып тіркелген, "Қазығұрт тынысы" газетінде 2016 жылы 18 ақпанда жарияланған).